

"Техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы N 587 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 21 мамырдағы N 289 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 29 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5225 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 15 қаңтардағы № 10 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 15.01.2013 № 10 Бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1.»"Техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы N 587 бұйрығына (N 5030 нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесінде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Білім беру ұйымдарына негізгі орта (жалпы негізгі), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, сондай-ақ, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылданады.

Қазақстан Республикасының азаматтарына және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға, егер олар осы деңгейде бірінші рет білім алатын болса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық

негізде тегін техникалық және кәсіптік білім беріледі.

Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік білім алуы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.";

3-тармақтың бірінші абзацында:

"үшін" деген сөзден кейін "Техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 наурыздағы N 296 қаулысымен бекітілген" деген сөздермен толықтырылсын";

4-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар азаматтар білім беру ұйымдарына оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін тиісті кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша оқуға қабылданады.";

2-бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Құжаттарды қабылдауды ұйымдастыру және түсу емтихандарын өткізу";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Білім беру ұйымдарына оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау: орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына 20 маусым мен 20 тамыз аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына 20 маусым мен 20 қыркүйек аралығында; өнер және мәдениет мамандықтары бойынша 20 маусым мен 20 шілде аралығында;

жаппай кәсіптер мен неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптер бойынша кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына 20 маусым мен 20 тамыз аралығында, оқудың кешкі нысанына 20 маусым мен 20 қыркүйек аралығында жүзеге асырылады";

10-тармақ алынып тасталсын;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Оқуға түсушілер білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау туралы өтінішіне білімі туралы құжаттың түпнұсқасын, N 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы (I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы), 3x4 көлемдегі 4 суретті қоса береді.

Оқуға түсушінің тұлғасын куәландыратын құжаттар жеке ұсынылады.

Оқытудың нысандары бойынша және шарттық (ақылы) негізде оқуға түсушілердің өтініштері жеке тіркеледі және ескеріледі.

кешенді тестілеу (жоғары оқу орындарына түсу үшін ағымдағы жылы кешенді тестілеуге қатысқан өткен жылдар түлектері) немесе нәтижелері туралы сертификатын тапсырған (ағымдағы жылы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан жалпы орта білімді бітірушілер) азаматтар оқуға түсу емтихандарынан босатылады және міндетті түрде 17-тармақта көрсетілген шарттарға сәйкес конкурсқа жіберіледі.

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Түсу емтихандары орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша және:

жалпы орта, мамандық бейне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік білімі бар оқуға түсушілер үшін үш пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша пән) өткізіледі;

негізгі жалпы білімі бар оқуға түсушілер - негізгі жалпы білімнің оқу бағдарламалары көлемінде 2 пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі және мамандық бейіні бойынша пән);

Жоғарғы техникалық мектепке оқуға түсушілер үшін түсу емтихандары негізгі жалпы білімнің оқу бағдарламалары көлемінде 3 пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі, математика және мамандық бейіні бойынша пән) өткізіледі.

Түсу емтихандарының нысанын білім беру ұйымдары белгілейді.

Жаппай кәсіптер мен неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптер бойынша кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқуға түсушілерге арналған түсу емтихандары әңгімелесу нысанында ө т к і з і л е д і .

Білім беру ұйымдарына оқуға түсушілер түсу емтихандарын қазақ немесе орыс тілдерінде тапсырады.

Мамандық бейіні бойынша пәні осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес айқындалады.";

14-тармақтың мазмұны 1, 2 абзацтармен толықтырылсын:

"14. Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқуға түсетін азаматтар үшін оқудың күндізгі нысанына түсу емтихандары 1 тамыз бен 28 тамыз аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына 1 тамыз бен 25 қыркүйек аралығында; өнер және мәдениет мамандықтары бойынша арнайы немесе шығармашылық емтихандары 21 шілде мен 28 шілде аралығында өткізіледі.

Жаппай кәсіптер мен неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптер бойынша кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары оқудың күндізгі нысанына түсетін азаматтар үшін әңгімелесу 1 тамыз бен 28 тамыз аралығында, оқудың кешкі нысанына 1 тамыз бен 25 қыркүйек аралығында өткізіледі.";

17-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау конкурстық негізде күндізгі оқу нысанына 25 тамыз бен 30 тамыз аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына 15 қыркүйек пен 30 қыркүйек аралығында жүзеге асырылады.

Жаппай кәсіптер мен неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптер бойынша кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау негізгі орта және жалпы орта білімі туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары, әңгімелесулер ескеріле отырып конкурстық іріктеу негізінде 25 тамыз бен 30 тамыз аралығында өткізіледі. Іріктеу шарттарын білім беру ұйымдары айқындайды."

17-тармақтың төртінші абзацында "пәннің" деген сөзден кейін "осы Ереженің 12-тармағына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

17-тармақтың алтыншы абзацында "20 балдан кем" деген сөздерден кейін " медициналық мамандықтар бойынша 30 балдан кем" деген сөздермен толықтырылсын;

17-тармақтың жетінші абзацында "30 балдан кем" деген сөздерден кейін " медициналық мамандықтар бойынша 40 балдан кем" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықтың 1-қосымшасы осы бұйрықтың 1-қосымшасының мазмұнымен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықтың 2-қосымшасы осы бұйрықтың 2-қосымшасының мазмұнымен толықтырылсын.

2. Техникалық және кәсіптік білім департаменті (Қ.Қ. Бөрібеков) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Ф. Қуанғановқа жүктелсін.

Министр

Ж. Тұймебаев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2008 жылғы 21 мамырдағы
N 289 бұйрығына бұйрығына

1-қосымша

**Ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын
айқындайтын техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік
оқу бағдарламалары бойынша мамандықтар даярлауды жүзеге
асыратын мамандықтардың тізбесі**

N	Мамандық топтарының атауы (шифр)	ҚР Кәсіптік білім мамандықтарының (кәсіптерінің) коды	Білім беру бейні, мамандықтың атауы
21	02000002 Гуманитарлық мамандықтары	0201002	Құқық және әлеуметтік қамтамасыз етуді ұйымдастыру
		0204002	Әлеуметтік жұмыс
		0205002	Құқықтану
22	03000000 Білім беру мамандықтары	0301002	Мектепке дейінгі тәрбие
		0302002	Тәрбие жұмысын ұйымдастыру
		0303002	Математика
		0304002	Физика
		0305002	Ұйғыр тілі және әдебиеті
		0306002	Қазақ тілі және әдебиеті
		0307002	Мемлекеттік тілде оқымайтын мектептердегі қазақ тілі және әдебиеті
		0308002	Орыс тілі және әдебиеті
		0309002	Мемлекеттік тілде оқымайтын мектептердегі орыс тілі және әдебиеті
		0310002	Дене тәрбиесі
		0311002	Өмір сүру қауіпсіздігі негіздері және валеология
		0313002	Кәсіптік оқыту (сала бойынша)
		0314002	Бастауыш жалпы білім беру
		0315002	Бейнелеу өнері және сызу
		0318002	Технология
		0321002	Өзбек тілі және әдебиеті
		0322002	Саздық білім беру
		0324002	Білім беру ұйымдарының лаборанты
23	04000000 Медициналық мамандықтары	0401002	Емдеу ісі
		0402002	Акушерлік жұмыс
		0403002	Гигиена және эпидемиология
		0404002	Стоматология
		0405002	Ортопедиялық стоматология
		0406002	Фармация
		0407002	Мейірбике ісі

		0408002	Зертханалық диагностика
		0409002	Медициналық оптика
24	0 5 0 0 0 0 0 Ветеринария	0501002	Ветеринария
		0502002	Зертханалық іс
		0503002	Ветеринарлық санитария
25	0 7 0 0 0 0 0 Экономикалық мамандықтар	0705002	Экономика, бухгалтерлік есеп және аудит (салалар бойынша)
		0706002	Тұтыну тауарларының сапасын сараптау
		0711002	Коммерция (әр сала бойынша)
		0712002	Менеджмент (салалар бойынша)
		0713002	Бағалау (салалар және қолдану аймақтары бойынша)
		0716002	Банк ісі
		0718002	Сақтандыру ісі (салалар бойынша)
26	0 8 0 0 0 0 0 Қызмет көрсету саласы	0829002	Қонақ үйлерде және туристік кешендерде қызмет көрсетуді ұйымдастыру
		0831002	Маркетинг (салалар бойынша)
		0832002	Аудармашылық ісі
27	3 7 0 0 0 0 0 Ақпараттық технологиялар	3707002	Ақпараттық жүйелер (қолдану облыстары бойынша)

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2008 жылғы 21 мамырдағы
N 289 бұйрығына бұйрығына

2-қосымша

Техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын, білім беру ұйымдарында білім алуға түсу емтихандары үшін техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша мамандарды даярлау жүзеге асырылатын мамандықтар бейіні бойынша жалпы білім беру пәндерінің тізбесі

Коды	Мамандықтың атауы	Бейін пәннің атауы	
		Негізгі орта білім	Жалпы орта білім
0200000 - Гуманитарлық мамандықтар			
0201002	Құқық және әлеуметтік қамтамасыз етуді ұйымдастыру	Қазақстан тарихы	Дүниежүзілік тарих
0202002	Құқық қорғау қызметі	Қазақстан тарихы	Дүниежүзілік тарих

0204002	Әлеуметтік жұмыс	Қ а з а қ с т а н тарихы	Дүниежүзілік тарих
0205002	Құқықтану	Мемлекет негіз- дері және құқық	Дүниежүзілік тарих
0206002	Патенттану	Мемлекет негіз- дері және құқық	Дүниежүзілік тарих
0300000 - Білім беру мамандықтар			
0301002	Мектепке дейінгі тәрбие	Әдебиет (оқыту тілдері бойынша)	Биология
0302002	Т ә р б и е ж ұ м ы с ы н ұйымдастыру	Биология	Биология
0303002	Математика	Математика	Математика
0304002	Физика	Физика	Физика
0305002	Ұйғыр тілі және әдебиеті	Ұйғыр әдебиеті	Ұ й ғ ы р әдебиеті
0306002	Қазақ тілі және әдебиеті	Қазақ әдебиеті	Қ а з а қ әдебиеті
0307002	Ұлттық мектептердегі қазақ тілі және әдебиеті	Қазақ әдебиеті	Қ а з а қ әдебиеті
0308002	Орыс тілі және әдебиеті	Орыс әдебиеті	О р ы с әдебиеті
0309002	Мемлекеттік емес тілде оқытатын мектептердегі орыс тілі және әдебиеті	Орыс әдебиеті	О р ы с әдебиеті
0310002	Дене тәрбиесі (арнайы оқу орындары үшін) (дене тәрбиесі оқытушыларын даярлауды жүзеге асыратын оқу орындары үшін)	Президенттік т е с т Арнайы емтихан	Президенттік т е с т А р н а й ы емтихан
0311002	Өмір сүру қауіпсіздігі негіздері және валеология	Биология	Биология
0313002	Кәсіптік оқыту (салалар бойынша)	Математика	Математика
0314002	Бастауыш жалпы білім беру	Математика	Математика
0315002	Бейнелеу өнері және сызу	1-шығармашылық емтихан	1-шығармашы- лық емтихан
0318002	Технология	1-шығармашылық емтихан	1-шығармашы- лық емтихан
0321002	Өзбек тілі және әдебиеті	Өзбек әдебиеті	Ө з б е к әдебиеті
0322002	Музыкалық білім беру	1-шығармашылық емтихан	1-шығармашы- лық емтихан
0400000 - Медициналық мамандықтары			
0401002	Емдеу ісі	Биология	Биология
0402002	Акушерлік ісі	Биология	Биология
0403002	Г и г и е н а ж ә н е эпидемиология	Биология	Биология

0404002	Стоматология	Биология	Биология
0405002	Ортопедиялық стоматология	Биология	Биология
0406002	Фармация	Химия	Химия
0407002	Мейірбике ісі	Биология	Биология
0408002	Зертханалық диагностика	Биология	Биология
0409002	Медициналық оптика	Биология	Биология
0500000 - Ветеринария			
0501002	Ветеринария	Биология	Биология
0502002	Зертханалық іс	Биология	Биология
0503002	Ветеринарлық санитария	Биология	Биология
0700000 - Экономикалық мамандықтар			
0701002	Статистика	Математика	Математика
0703002	Қаржы (салалар бойынша)	Математика	Математика
0705002	Экономика, бухгалтерлік есеп және аудит (салалар бойынша)	Математика	Математика
0706002	Тұтыну тауарларының сапасын сараптау	Химия	Химия
0708002	Биржалық қызмет	Математика	Математика
0711002	Коммерция (салалар бойынша)	Математика	Математика
0712002	Менеджмент (салалар бойынша)	Математика	Математика
0713002	Бағалау (салалар және қолдану аймақтары бойынша)	Математика	Математика
0716002	Банк ісі	Математика	Математика
0718002	Сақтандыру ісі (салалар бойынша)	Математика	Математика
0720002	Қаржы және қаржы құқығы	Математика	Математика
0800000 - Қызмет көрсету саласы			
0829002	Қонақ үйлерде және туристік кешендерде қызмет көрсетуді ұйымдастыру	Математика	Математика
0831002	Маркетинг (салалар бойынша)	Математика	Математика
0832002	Аудармашылық ісі	Шетел тілі	Шетел тілі
3700000 - Ақпараттық технологиялар			
3707002	Ақпараттық жүйелер (қолдану аймақтары бойынша)	Математика	Математика